

**А.М. Ахметова** 

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: qazakhmetova@gmail.com

## **ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖАҢА ҚҰБЫЛЫС: СҰЛТАН РАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ**

Мақалада Қырғыз Республикасының Халық жазушысы Сұлтан Раевтың әдеби шығармашылығы қарастырылады. Бұл жұмыста Кеңес Одағы ыдырап, құрамындағы бұрынғы мемлекеттер мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан кейін, соңғы отыз жылда қазақ пен қырғыз халықтарының ақындары мен жазушылары бір-біріне жеткілікті дәрежеде танылмағаны байқалатындықтан, қырғыз әдебиетін С. Раев туындылары негізінде қазақ оқырмандары мен ғылыми көпшілікке, әдеби ортаға кеңірек ғылыми аспектіде интерпретациялауға және таныстыруға бағытталған. Жазушы, драматург, ақын Сұлтан Раев – соңғы үш декадада Қырғыз Республикасынан ғана емес, Орталық Азия аймағының атынан әлемге таныла бастаған бірден бір танымал қаламгер. Мақалада С. Раевтың «Жанжаза», «Топан» романдары, «Кашаба» повесі және бірқатар драмалық туындыларын психологиялық және мәдени-тарихи, салыстырмалы-тарихи және герменевтикалық әдістер тұрғысынан зерттеу мақсаты алға қойылған. Бұл әдістер арқылы автордың уақыт пен кеңістік, тарих, әлем мен адам болмысы туралы жеке ой-түсініктері мен реалды әлемді және кейіпкерлерінің ішкі әлемін модельдеу әдістері қарастырылады. Жазушы туындылары арқылы жер бетіндегі адамзат өмірі мен санасындағы дағдарыстар мен рухани апаттарға әлем назарын аударуды көздейді. Сонымен қатар, автордың драмалық шығармаларындағы қырғыз халқының тарихы мен қоғамындағы күрделі мәселелердің әлеуметтік-қоғамдық, мәдени сипаты айқындалады. Автор романдарындағы сюрреалистік әдеби амалдар мен романдар мәтінінің қабаттық деңгейлері көрсетіледі. Зерттеу ғылыми және практикалық құндылығы еліміздегі жоғары оқу орындарында қазіргі қырғыз әдебиеті туралы жеткілікті берілмейтін білім беру жүйесіндегі кемшілікті толықтыру мен ТМД кеңістігіндегі әрі отандық әдебиеттану саласының әдіснамалық-теориялық қырын жетілдіруге үлес қосатындығымен өлшенеді.

**Түйін сөздер:** Сұлтан Раев, қырғыз әдебиеті, топан, роман, драматургия.

A.M. Akhmetova\*

Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov, Kazakhstan, Almaty  
\*e-mail: qazakhmetova@gmail.com

### **A new phenomenon in Central Asian literature: about the work of Sultan Raev**

The article examines the literary creativity of the People's writer of the Kyrgyz Republic, Sultan Raev. This work is aimed at interpreting and presenting Kyrgyz literature to Kazakh readers, the scientific community, and the literary environment in a broader scientific aspect based on the works of Sultan Raev since after the collapse of the Soviet Union and the acquisition of state independence by the states in its composition in the last thirty years, poets and writers of the Kazakh and Kyrgyz peoples have not received sufficient recognition among themselves. The writer, playwright, and poet Sultan Raev is one of the most famous writers who, over the past three decades, has received worldwide recognition from the Kyrgyz Republic and the Central Asian region. The article aims to study S. Raev's novels of "Zhanzhaza" ("Castigation"), "Topan" ("Flood") and "Kashaba" (wolf's name) and several dramatic works from the point of view of psychological and cultural-historical comparative-historical and hermeneutic methods. These methods are used to examine the author's ideas about time and space, history, the world, and human existence, as well as methods of modeling the natural world and the inner world of his characters. Through his works, the writer seeks to draw the world's attention to crises and spiritual disasters in the life and consciousness of humanity on earth. In addition, the author's dramatic works reveal the socio-cultural nature of complex problems in the history and society of the Kyrgyz people. The surreal literary techniques in the author's novels and the levels of the text are shown. The scientific-practical value of the research is measured by the fact that in higher educational institutions of the country, it contributes to filling gaps in the education system about modern Kyrgyz literature and improving the methodological-theoretical aspect of Domestic literary studies in the CIS.

**Key words:** Sultan Raev, Kyrgyz literature, flood, novel, dramaturgy.

А.М. Ахметова

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, Казахстан, г. Алматы  
e-mail: qazakhmetova@gmail.com

### Новое явление в Центральноазиатской литературе: о творчестве Султана Раева

В статье рассматривается литературное творчество народного писателя Кыргызской Республики Султана Раева. Эта работа направлена на интерпретацию и представление кыргызской литературы казахским читателям, научной общественности и литературной среде в более широком научном аспекте на основе произведений Султана Раева, поскольку после распада Советского Союза и обретения государствами в ее составе государственной независимости в последние тридцать лет поэты и писатели казахского и кыргызского народов не получили достаточного признания между собой. Писатель, драматург, поэт Султан Раев – один из самых известных писателей, который за последние три декады получил мировое признание не только от Кыргызской Республики, но и от регионов Центральной Азии. В статье поставлена цель изучения романов С. Раева «Жанжаза» («Кара»), «Топан» («Потоп»), повести «Кашаба» и ряда драматических произведений с точки зрения психологических и культурно-исторических, сравнительно-исторических и герменевтических методов. С помощью этих методов рассматриваются личные представления автора о времени и пространстве, истории, мире и человеческом бытии, а также методы моделирования реального и внутреннего мира его героев. Писатель с помощью своих произведений стремится привлечь внимание мира к кризисам и духовным бедствиям человеческой жизни и сознания на земле. Кроме того, в драматических произведениях автора раскрывается социально-общественный, культурный характер сложных проблем в истории и обществе кыргызского народа. Показаны сюрреалистические литературные приемы в романах автора и слойные уровни текста романов. Научная и практическая ценность исследования измеряется тем, что в высших учебных заведениях страны он вносит вклад в восполнение пробелов в системе образования о современной кыргызской литературе и в совершенствовании методолого-теоретического аспекта отечественного литературоведения на пространстве СНГ.

**Ключевые слова:** Султан Раев, кыргызская литература, потоп, роман, драматургия.

### Кіріспе

Бүгінде Орталық Азия аймағының әдебиеті әр қырынан дамып келеді. Азияның әрқырлылығымен ерекшеленетін діни-философиялық ойлау жүйесі, сахара далаға жасырынған сан түрлі құпиялар мен тарихи шындықтар, ғажап табиғат көріністері сынды ерекшеліктер әдебиетте әртүрлі формалармен көрініс тапқан. 1991 жылы бұл аймақтағы елдер мемлекеттік тәуелсіздік алған кезеңнің алғашқы жылдарында әдеби шығармашылықтың даму қарқыны әлсірегені белгілі. Өйткені, КСРО-дан жеке бөлініп шыққаннан кейінгі жекешеленген мемлекеттерге түскен қоғамдық, әлеуметтік, саяси, экономикалық қиындықтар ақын, жазушылармен қатар, халықтың өмір сүру жағдайын да қиындатты (Ахметова, 2022: 58-68). Алайда уақыт өте келе мұндай әртүрлі деңгейдегі қиындықтар еңсеріліп, бірқатар авторлар бүгінде шығармашылығымен халықаралық дәрежеде таныла бастады. Соның бірі – Қырғыз Республикасының мемлекеттік жазушысы, Токтағұл атындағы мемлекеттік сыйлықтың, КМШ мемлекеттік және Еуразия сыйлығының және бірнеше халықаралық марапаттар мен

сыйлықтардың иегері, драматург, ақын, режиссер Сұлтан Әкімұлы Раев. Сонымен қатар қазіргі уақытта ТҮРКІСОЙ-дың Бас хатшысы лауазымын атқарады. Бұған дейін бірнеше жыл Қырғыз Республикасының Мәдениет министрі және басқа да мемлекеттік қызметтерде болған. Прозалық туындылары әлем тілдеріне аударылып, драмалық шығармалары (пьесалары) Қырғыз Республикасымен қатар, көптеген шетел сахналарында қойылып келеді.

С. Раев оқырмандар мен әдеби ортаға жазушылықпен қатар, ақын, драматург және режиссер ретінде танымал. Автор сұхбатында бірінші кезекте жазушылық жанына жақын екенін, яғни «жазушылық пен басқа өнер түрлері бір-біріне кедергі келтірмейтінін» атап өтеді (Жұмабай, 2019). С. Раев әдебиетте проза жанры бойынша «Жанжаза», «Топан» роман-эпсаналары (притча), «Кашаба» повесі мен «Антистандарт» өлеңдер жинағы және әлем театрларында қойылып жатқан бірқатар пьесалары арқылы көпшілікке белгілі. Жазушының «Топан» романы 2017 жылы Стокгольмде халықаралық әдеби конкурста Гран-при сыйлығын иеленіп, Нобель сыйлығының лауреаты Генрик Сенкевич атындағы әдеби сыйлыққа лайық деп танылған.

Соңғы жылдары әлем оқырманы мен әдеби орта, белгілі мәдениет қайраткерлері С. Раев шығармашылығына ерекше назар аударғанын жоғарыда атап өттік. Алайда ұқсас саяси, тарихи тағдырды бастан өткізген әрі түркітілдестуыстас халық саналатын және Орталық Азия аймағында көрші орналасқан мемлекеттің – қырғыз халқының тәуелсіздік кезеңіндегі ақындары мен жазушылары әлемде көбірек оқылғанымен, қазіргі қазақ оқырманына кеңірек таныс емес. Бұрынғы Кеңес одағының өзінде он бес республика, оның ішінде қазақ, қырғыз, түркімен, өзбек, т.б. әдебиеттері тығыз қарым-қатынаста дамыған болатын. Өткен ғасырға қарағанда әдеби байланыстар да қазіргі уақытта әлсірей түскені белгілі. Бұл мақаланың мақсаты – талантты қырғыз жазушысы, ақын, драматург Сұлтан Раев шығармашылығын әртүрлі әдістер арқылы талдап, оқырман мен ғылыми көпшілікке таныту және әдебиеттану саласының әдіснамалық-теориялық қырын жетілдіруге үлес қосу.

Қырғыз Республикасы мен Түркияның бірқатар зерттеушілері С. Раев шығармашылығы туралы зерттеулер жариялаған. Атап айтқанда, С. Байгазиев, К. Гөз, Г. Жамгырчиева, Б. Алымбаева, Т. Далар, О. Сөйлемез, Е. Южел, Х. Илташ, т.б. Сонымен қатар С. Раев шығармашылығының ерекшелігін көрнекті қырғыз жазушысы Ш. Айтматовтан бастап, Ирмтрауд Гучке (Германия), Дэвид Перри (Англия), Мұрат Әуезов (Қазақстан), Смағұл Елубай (Қазақстан) сынды қаламгерлер мен сыншылар пікір білдірген. Ш. Айтматов С. Раевтың «Жанжаза» романын «қырғыз әдебиетіндегі өзгеше құбылыс» деп бағалаған (Жұмабай, 2019). С. Раев шығармашылығы жайлы жекелеген зерттеулердің маңызын төменде «Әдебиеттерге шолу» бөлімінде түсіндіруге тырысамыз.

### Материалдар мен әдістер

С. Раевтың прозалық және драмалық туындыларын қарастыруда бірқатар әдебиеттанушылардың зерттеулері мен әртүрлі ғылым салаларындағы еңбектер жұмысымыздың әдіснамалық-теориялық негізі ретінде алынды. Сондай-ақ, С. Раевтың Youtube арнасындағы, БАҚ беттеріндегі сұхбаттары мен пікірлері, жекелеген туындылары жазушының дүниетанымдық ерекшелігі мен шығармаларындағы басты әдеби тенденцияларды, бағыт-бағдарларды айқындауға септігін тигізді. «Топан» кітабына алғысөз

ретінде берілген философия ғылымдарының кандидаты Калык Ибраимовтың «Сұлтан Раевтың адам-әлем моделі және жан жазасы» деп аталатын ауқымды зерттеуіне тереңірек назар аударылды (Раев, 2018: 3-34). Бұл С. Раевтың туындыгер ретіндегі қыры мен әлемсезіну ерекшелігін, романдарын егжей-тегжейлі талдаған бірден бір үздік жұмыс екенін атап өтуге болады.

*Мәдени-тарихи әдіс* С. Раев романдары мен драмаларындағы көркемдік үрдістерді әр дәуірдегі әлем әдебиетіндегі мәдени-тарихи құбылыстармен, әсіресе, ежелгі грек драмалары негізінде қалыптасқан поэтикалық түсініктермен байланыстыра қарастыруға септесті.

*Салыстырмалы-тарихи әдіс* С. Раев романдарындағы әлемдік классикалық әдебиеттегі көркемдік үрдістер мен діни-сақральды кітаптардағы («Қасиетті кітап») аңыздық сюжеттердің қайта трансформацияланып немесе сол күйінде қолданыс табу деңгейі мен мәтіндік қабаттарды салыстырып зерттеуде қолданылды.

*Психологиялық әдіс* туындыгер ретіндегі автор мен кейіпкерлерінің ішкі әлеміндегі психологиялық-менталды үдерістерді, романдардағы жеті кейіпкер бастан кешетін өмір мен өлім арасындағы қорқыныш, үрей, сезім арпалыстары, рухани дағдарыс көріністерін интерпретациялау мен поэтикалық-құрылымдық кодтардың психологиялық табиғатын ашу үшін қолданыс тапты.

*Герменевтикалық әдіс* арқылы автордың жеткізуге ұмтылған интеллектуалды-философиялық тұжырымдамалары мен мәтін қабаттарына жасырынған авторлық интенция айқындалды.

### Әдебиеттерге шолу

Жазушы, драматург С. Раев шығармашылығы бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде қамтылған. Әдебиеттанушылар мен аударма саласының мамандары С. Раевтың жазушылық шеберлігін, туындыларының тақырыптық-идеялық бағдарларын, психологиялық табиғаты мен ондағы әдеби-поэтикалық бағыттар мен үрдістерді қарастырған. Зерттеуші К. Ибраимовтың «Сұлтан Раевтың адам-әлем моделі және жан жазасы» деп аталатын ауқымды зерттеуінде С. Раевтың «Жанжаза», «Топан» романдары мен «Кашаба» повесінің философиялық, көркемдік, мифтік табиғаты әр қырынан талдағанын және жазушының әлемді сезіну,

қабылдау ерекшеліктері мен дүниетаным жүйесі, шығармашылық болмысы терең қарастырылғанын атап өтуге болады (Раев, 2018: 3-34), (Раев, 2011).

Әдебиеттанушы С. Байгазиев «Күн қармаған бала»: Сұлтан Раевтың гуманистік көркем концепциясы» атты мақаласында Кеңес кезеңіндегі жазушы тұлғасына әсер етуі ықтимал қоғамдық-әлеуметтік факторларды қысқаша түсіндіре келе, аталған шығармада кеңестік идеологиялық иллюзиялар кездеспейтінін атап өтіп, өміршең туынды деп баға береді (Байгазиев, 2020). Ал Т. Далар зерттеуінде С. Раевтың «Жанжаза» романындағы кеңестік идеология көріністері қарастырылған (Dalар, 2019). Алайда біз бұл зерттеудегі ғылыми топшылауға толықтай келіспейтінімізді айтқымыз келеді. С. Раев аталған романында әлемге билік жүргізген әміршілер образы арқылы ғаламдық деңгейдегі рухани дағдарысты көрсетуге тырысқан деп есептейміз.

Профессор Г. Жамгырчиеваның «С. Раевтың «Топан» роман-притчасы туралы» және «С. Раев шығармалары ракурсында жаһандану контексіндегі қырғыз әдебиеті («Ааламдасуу мезгилиндегі қырғыз адабияты С. Раевдин чыгармачылык ракурсунда»)» деп аталатын зерттеулері «Жанжаза» және «Топан» романдарындағы ғаламшардағы адами құндылықтарды сақтап қалу мәселелерімен жазушының шығармашылық ерекшелігін интерпретациялауға арналған (Жамгырчиева, 2019); (Жамгырчиева, 2022). Ал Б. Алымбаеваның «Сұлтан Раевтың «Күн қармаған бала» повесіндегі идеялық-көркемдік өзгешеліктер» және «Сұлтан Раев әңгімелеріндегі адамгершілік мәселесі» атты мақалаларында жазушы туындыларының философиялық-көркемдік қырлары қарастырылған (Алымбаева, 2016); (Алымбаева, 2016).

К. Гөздің «Сұлтан Раевтың «Әйел» әңгімесі және Обломовқа айналған ерадам («Sultan Raev'in "Kadın" Adlı Hikâyesi ve Oblomovlaşan Erkek»)» зерттеуінде қырғыз қоғамындағы жаңашыл әйелдің орны және әйел мен ер адамның қарым-қатынасы мәселесі С. Раев «Әйел» әңгімесі арқылы түсіндірілген (Göz 2020: 220-235). Жалпы интернет деректері С. Раев туындылары Түркия зерттеушілері тарапынан белсенді зерттелгенін көрсетеді (Söylemez, 2011); (Yücel, 2022); (İltaş, 2022). Мұндағы зерттеулердің басым бөлігі С. Раевтың «Жанжаза» романы мен «Күн қармаған бала» повесін қарастырған. Сонымен қатар, С. Раевтың БАҚ-қа берген сұхбаты жазушы туындыларының идеясы мен

тақырыптық-мазмұндық бағытын түсінуге кеңірек мүмкіндік береді (BBC News, 2021).

Зерттеу барысында байқағанымыздай, С. Раев шығармашылығын Қазақстан әдебиеттанушылары қарастырмағаны байқалды және отандық зерттеулерде қырғыз әдебиетін зерттеу нәтижелерін гуманитарлық ғылымдар саласының білім беру бағдарламаларында қолдану маңызды әрі өзекті саналады. Біздің мақаламыз осындай кемшіліктің орнын толықтыруға үлес қосады (бұл тұста еліміздің жоғары оқу орындарында тәуелсіздік кезеңіндегі қазіргі заманғы қырғыз және өзбек әдебиеттері туралы толық ақпарат берілмейтінін еске алған жөн) және С. Раев туындыларына жоғарыда аталған бірнеше әдебиеттанудық әдістер негізінде кешенді зерттеу жүргізіледі. Сонымен қатар, 2019 жылы С. Раевтың «Жанжаза» романы (аударған: Кәдірбек Құныпияұлы) мен 2022 жылы «Топырақ» әңгімесі (аударған: Саят Қамшыгер) қазақ тіліне аударылып жарық көргенін айтып өткеніміз жөн (Раев, 2019); (Раев, 2022: 114-124).

### Нәтижелер мен талқылау

Жазушы С. Раевтың «Жанжаза» роман-эпосында адам өмірі жаралғаннан бергі уақытта жалпы адамзатты ойландырып келе жатқан әлемдік күрделі мәселелердің жауабын интеллектуалдық-философиялық және көркемдік-эстетикалық тұрғыдан түсіндіруге тырысады. Әлем алғаш жаралған уақыт және қазіргі адамзат уақыты мен кеңістігі арасын мифтік, мистикалық-фантастикалық, эзотерикалық тұрғыда байланыстыратын қиын да күрделі философиялық-әдеби әдістерді қолданады. Мысалы, романда жындыханадағы жындыларға психопаттық препараттар қолданылғанда өзінің күнәһар прототипін есіне түсіреді және туындыда ежелгі грек драмасындағы Эдип синдромы немесе инцест құбылысы да көрініс тапқан. Романның негізгі лейтмотиві – жындыханадағы жеті жынды-адам ақырзаман жақындап қалғандықтан, Киелі жерге жетіп, Жаратушыдан кешірім сұрап, күнәларынан арылуды көздейді.

Жазушы романда қасиетті діни кітаптардағы пайғамбарларға қатысты діни докториналар мен философиялық, эзотерикалық, мистикалық, мифологиялық аңыз, мифтерді және тарихи деректерді интерпретациялау арқылы әлемнің екінші – көркемдік моделін жасайды. «Библия» кітабында айтылғандай, Мұса (а.с.) пайғамбар жөйт (еврей) халқын Египеттегі перғауындардың

тұтқынынан құтқаруға бел байлаған еді. Пайғамбар өз халқын соңынан ертіп алып, Қасиетті Канған жерінде жеке ел құруға сапарға аттанады. Діни жазбаларға сәйкес, Израил ұрпақтары Алла Тағаланың әміріне қарсы келіп, бағынбаған кездерде Алла Тағала оларды жазалау үшін Тиһ шөлінде қырық жыл адастырып қойған болатын (Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, 2020). Осындай діни аңыз-әңгіме С. Раевтың «Жанжаза» романында бастапқы мәтін деңгейі ретінде алынып, арықарай автордың қиялына қарай әлемнің көркемдік-философиялық моделі жасалады. Осы тұста жазушының «Жанжаза» және төменде талданатын «Топан» романдары сюрреализм бағытында жазылғанын атап өтуге болады. Сюрреалистік (super real – асқан шындық) туындылар мифологиялық-философиялық символ және метафора, аллегория тәсілдерімен реалды әлемнің ақыл-оймен өлшеуге келмейтін иррационалды, бейсаналы, фантастикалық модельдерін бедерлеу негізінде жасалатыны белгілі (Ibrahim, 2017). Аталған романдар арқылы С. Раев шығармашылық, әдеби-эстетикалық ой-санасындағы реалды әлемнің басқаша көрінісін ұсынады. Сюрреалист-ақын Андре Бретон «Сюрреализм адам деп аталатын бірнеше негізі / түбі бар қорапты шексіз ашуға қабілетті кілт жасайды деген сенім» (Breton, 1972: 163) деп жазған болатын.

Романның фабуласына қысқаша тоқталар болсақ, жеті кейіпкер жындыханадан қашып шығып, Қасиетті жерге аттанбақшы болады. Жеті жындының ішінде Император деп аталатын кейіпкер қасындағы алты серігін басқарады. Император образы Мұса (а.с.) пайғамбардың прототипіне негізделіп жасалған. Жеті кейіпкер есімі әлем оқырмандарына жақсы таныс тарихи кейіпкерлердің есімімен аталады. Кейіпкерлер: Император, Шыңғыс хан, Ескердір Зұлқарнайын, Лир, Таис Афинская, Клеопатра және Қозышақ. Қозышақ кейіпкерді өгей анасы мен туған әкесі пойыз жолға қалдырып кеткенде ажалдан аман қалады. Мұнда автор әртүрлі діндерде айтылатын Ибраһим (а.с.) пайғамбардың баласы Исмайылды құрбандыққа шалғысы келетін мотивті интермәтін ретінде қолданады. Романда әрбір кейіпкер прототиптерінің тарихта жасаған күнәларына сәйкес тиісті жазасын алады. Бұл үшін автор адам жаны ол өлгеннен кейін басқа адамға немесе жануар, өсімдікке ауысатын реинкарнация әдісін қолданады. Мысалы, Шыңғыс хан, Император немесе Ескендір Зұлқарнайынның, т.б. жаны жыланға ауысады.

«Жылан – дүниедегі барлық дін мен мифологияда айрықша орын алатын анималистік символ. ... Қайтыс болып кеткен ата-бабалардың жаны көбіне жыланға ауысады және ажал-өлім мен ақынзаманның аян-белгісі әрі шынайы адамдардың қолдаушысы ретінде көрініс табады» (Раев, 2018: 10). Автор кейіпкерлерін жасау үшін танымал тарихи тұлғаларға қатысты аңыз-әңгімелердің элементтерін қолданады. Шыңғыс хан мен Ескендір Зұлқарнайын образы – бүкіл дүниені әйелқұмарлық сезімін қанағаттандыру үшін жаулап алған әмірші ретінде бейнеленген.

Сонымен қатар, автор жазушы мен жезөкше (Таис Афинская) диалогы арқылы ғарыштану мен ракетаның негізін қалаған К. Циолковскийдің адам өлгеннен кейін оның атомдары бүкіл ғаламға шашырап кетеді де, басқа жаратылысқа барып орналасып, екінші өмір басталады деген тұжырымына сілтеме жасайды. Егер өлген адам өмірден бақытты-бақытсыз күйде өтсе, екінші жаратылыс та соның тағдырын кешеді. «Адамзаттың міндеті – «бақытсыздарды» (сорлы, кемтар, ақылы жоқ делқұлы, т.б.) құрту» деген сөзіне қарап К. Циолковскийді романдағы жазушы-кейіпкер «псих, шизик» деп атайды (Раев, 2019: 16).

Романның сыртқы құрылымы жеті кейіпкердің мінез-болмысын, өткенін және өміріндегі жағымды-жағымсыз оқиғаларды еске түсіретін және Киелі жер туралы баяндалатын бөліктерден тұрады. Кейіпкерлерді таныстыратын жеке-жеке тараулар олардың жындыханадағы ине салу мен препараттардан шеккен зардабын (Таис Афинская, Лир, Клеопатра) және бұрынғы кәсіптерінің немесе қызметтерінің (Шыңғыс хан, Ескендір Зұлқарнайын) ерекшелігін сипаттауда ортақ ұқсастықтар кездеседі. Мұндағы жеті кейіпкер – жылан шаққаннан кейін жындыға айналған Шыңғыс хан, Ескендір Зұлқарнайын, Таис Афинская, Лир, Клеопатра сынды әлемдік тұлғалардың жандары. Жеті кейіпкер тарихи тұлғалардың жанын арқалаған немесе жандары жазасын өтеп жүрген және жынданған бірнеше буыннан кейінгі ұрпақтары (кейбірі 33-ші, 40-шы ұрпағы). Өйткені, автордың ойынша, адам жаны мәңгілік өмір сүреді және күнә жасау тұқым қуалайды. Жеті кейіпкер – Құдайдың мәңгілік сұрағынан құтыла алмаған өлген адамдардың күнәсін (Шыңғыс хан, Император, Ескендір Зұлқарнайын, Клеопатра, Таис Афинская, Лир және Қозышақ) денесінің ішінде / тәнінде арқалап жүргендер.

Романдағы тарихтың күнәсін арқалаған Шыңғыс хан әмірші, Ескендір Зұлқарнайын император мен Клеопатра патшайымның прототипіне негізделіп кескінделген кейіпкерлер – білімпаз космолог Шыңғыс хан, ғалым Ескендір Зұлқарнайын және Клеопатра. Үшеуі де жер бетінде Жаратушының тыйымдарына, заңдылықтарына қайшы, күнәлі істер істеп әрі өздерін Тәңір деп жариялағаны үшін (Клеопатраға қатысты емес) жан жазасын алады. Өлімдері де жантүршігерлік жағдайда келеді. Үшеуі де жыланның уынан қаза табады.

Автор әлем әміршісі Шыңғыс хан туралы дәлелденбеген тарихи пікірлер мен аңыздардың архетипіне сүйене отырып, қызықты баяндаулар келтіреді. Романның оқырман әмірші Шыңғыс ханның әлемді жаулаудағы басты мақсатынан хабардар болады. Автордың ойынша, дәлелденбеген тарихи пікірлерге сәйкес, Шыңғыс хан тек әйел үшін соғысып, әйел үшін әлемге билік жүргізген. Әмірші өзінен туған қызбен төсекте бас қосып, сол қыздың қолынан қаза табады. Бұл инцест әдісін жазушы әмірші әлемді әйел үшін жаулаған деген пайымды тереңдету үшін қолданған болуы мүмкін. Ескендір Зұлқарнайынның да әлемді жаулау мақсаты – байлық және әйелдерге қол жеткізу болған. Автор мұндай ойды Зұлқарнайынның ақылшысы болған Аристотельдің сөзімен білдіреді (Раев, 2019: 222).

Туындыдағы басты кейіпкердің бірі – аты аталмайтын *Император*. Император жындыханадағы өзінен бөлек алты жынды адамға көшбасшылық жасап, Киелі жерге аттанады. Мұндағы мақсат – ақырзаман жақындап қалғандықтан, Жаратушыдан кешірім сұрап, кұларынан арылу. Жындыханада өмір сүріп жүргенде Император Тәңірдің келетін күні тұспалданған Қасиетті кітап мұқабасын сақтап қалады. Қасиетті жерге жетіп, сонда күнәсінен арылып өлуді армандаған Император ойындағы Бейіш мекенге жете алмайды. Автор бұл арқылы адам аяғы басқан әлемнің әрбір нүктесі жұмақ немесе бейіш саналады деген ойын жеткізеді.

Романда Таис Афинская жезөкше-әйел ретінде бейнеленген. Сонымен қатар бұл кейіпкердің прототипі Таис Афинская «Ескендір Зұлқарнайынның ойнасы, тіпті, Мысыр патшасының әйелі болған» (Раев, 2019: 19). Таис Афинская Жаратушыдан берілетін иманнан жұрдай болғаны үшін жеті серігімен бірге Қасиетті жерді табу үшін алыс жолға шығып, шөлде жыланның уынан қайтыс болады.

Келесі бір кейіпкер – сұлулығының кесірінен жындыханаға түскен ару *Клеопатра*. Бұл романда кейіпкерлердің бәрі бұрынғы прототиптерімен ортақ ұқсас байланыстары болса, ал тарихтағы Клеопатра патшайым мен махаббат сезімі үшін жындыханаға түскен Клеопатраны байланыстыратын көп белгінің жоғын байқауға болады. Ежелгі Римде Клеопатра патшайымды нәпсіқұмарлығы пен дүниеқоңыздығы үшін халық тас атып өлтірмекке ұмтылады. Алайда патшайым шектен асқан нәпсіқұмарлыққа салынғаны үшін жылан шағып, соның уынан өледі. Ал махаббатына адал болғаны үшін, яғни патшаның ұлын сүйгендіктен, патша бұл қызды ұлынан айыру мақсатында жындыханаға жатқызады. Жас қыз Клеопатра жындыханада психологиялық екпе алып, препараттар қабылдағанда өзінің прототипіндегі патшайым Клеопатраның тарих кеңістігіне ауысып, хайуани әрекеттерін еске түсіреді. Екі Клеопатраның ұқсас тұсы – Рим алаңында өздерінің дарға асылғалы жатуы. Патшайым Клеопатраны, жоғарыда түсіндіргеніміздей, Рим халқы асқан озбырлығы мен жауыздығы үшін дарға аспақ болса (алайда жылан уынан қаза табады), жас Клеопатра жындыханада екпеден кейін есінен адасқанда Рим алаңында сүйген жігітінің ата-анасының өзін дарға аспақ болғанын көруі.

Тағы бір кейіпкердің есімі – антихрист әрі актерсымақ болған *Лир*. Автор Лир мен Шыңғыс ханның әйелқұмарлығын асқақтық эстетикасымен көрсету үшін Эдип патша синдромын немесе инцест әдісін қолданады. Яғни, Лир де бұрын бірнеше түндерді бірге өткізген актрисадан туған қызымен бірнеше жылдардан кейін төсекте бас қосады. Бұл жағдайды Лир бір түнгі оқиға өткеннен кейін ғана байқап қалады.

Романда әруақ сүтін еміп, күнә арқалаған кейіпкердің бірі – *Қозышақ* образы кескінделген. Қозышақтың туғанына 665 күн туғанда өгей шешесі мен өз әкесі нәпсіқұмарлыққа беріліп кеткенде қараусыз қалып, өлген анасының әруағы келіп емізеді. Сол үшін Қозышақ күнәһар атанады. Бұл кейіпкер туралы осы романға қатысты түсіндірмелерімізде қосымша тағы да баяндаған тұстардан оқуға болады.

Жазушы бұл роман арқылы адам жаратылғаннан бері күнәлары тоқтамай, үздіксіз жалғасып келе жатқанын және мұның соңы ақырзаманға апаратынын меңзейді. Автор сонда да адамзаттың әлі де өмір сүретініне сенгісі келеді. Мұны роман соңында Қозышақ пен Клеопатраға Қызыр атаны жолықтыру арқылы

шөлді жерге көшет отырғызуды сұрауынан байқаймыз. Көшет – сакральды Жасау ағашының символы. Бұдан автордың әлі де өмірдің жалғасатына сенетінін байқауға болады және жер бетінде өмірге ұлы күш беретін күш беретін нәрсе – махаббат.

Діндегі жұмақ, Жаратушы разылығы үшін Ибраһим пайғамбардың ұлы Исмайылды құрбандыққа шалу ниетіне қатысты діни-мифтік архетиптер мен қасиетті символдық сандар белсенді қолданыс тапқан. Романдағы жеті кейіпкердің бесеуі өзара жанжалдасып, бір-бірін соққыға жығып, соңында Императордың жаны қонған жылан шағып өлтіреді. Оның ішінде Қозышақ пен Клеопатра ғана адал махаббат иелері болғаны үшін тірі қалады. Кейіпкерлер жындыханадан қашып, қасиетті жерді іздеп таба алмайды. Автордың ойынша, жалған өмірдің шындығын таныған Қасиетті жерге жетеді және иман мен ар-ождан салтанат құратын жердің әрбір нүктесі Киелі жер саналады. Бұл императордың мынадай сөзімен беріледі: «Ал мен оны таптым (Қасиетті жерді – *мақала авторы*)... Сендер іздендер... Қырық күн жүріп... Тапқаным – осы шындық болды, осы мен іздеген шындық менің өзімде екен, өзімізді өзіміз түсінбей тұрып, өзімізді өзіміз білмей тұрып, өзімізді өзіміз аңдамай тұрып, ол шындықты таппайды екенбіз» (Раев, 2019: 155-156).

Романда бірқатар бірлік, ондық немесе жүздіктері ұқсас сандар кездеседі. Ондағы келтірілген сандарда тарихи, діни, мистикалық контексте белгілі мағына мен мазмұндар таңбаланған. Мысалы, Император деп аталатын кейіпкердің ойынша, жер бетінде халық саны 6 606666-қа жеткенде «қара жын ұйқысынан оянып, ақырзаман басталады» (Раев, 2019: 63). Ақырзаман орнағанда адамдар жансыз тіріліп, дүниені шайтан басқарады. Мұнда бірнеше алты санынан тұратын символдар ақырзаманның белгісі ретінде қолданылған.

33 саны Шыңғыс хан прототипінде кескінделетін кейіпкердің көңілде болған әйелдерін еске салатын таңба ретінде көрініс тапқан. Мысалы, Шыңғыс хан бозбала кезде алғаш «жігіт қатарына қосқан» тұңғыт келіншектің мойнында 33 данадан тұратын моншақ болған. Кейін Шыңғыс хан қартайған шағында түнді бірге өткізген тұңғыт қыздың мойнынан да 33 данадан тұратын моншақты көреді. Бұл қыз алғашқы тұңғыт келіншектен туған Шыңғыс ханның өз қызы болып шығады. Ежелгі грек драматургі Софоклдің «Эдип патша» трагедиясындағы өз

анасына үйленетін Эдип патшаның басындағы оқиғаны романына қолданады (Liu, 2011). Инцест (өз анасы немесе әкесімен әлдебір туысқанымен көңіл қосу) құбылысының архетипі қайта жаңғыртылып жүзеге асырылған. Дәл осындай оқиға романдағы актерсымақ Лир деп аталатын кейіпкердің де басынан өтеді. Лир де көп көңілдегінінің арасында өзінен аяғы ауыр болып қалған актрисадан туған қызымен төсекте бас қосады. Ескеретін жайт, Шыңғыс хан да, Лир де өз қыздары екенін білмегендіктен, олармен түн өткізеді және сол әрекеттеріне қатты өкініш білдіреді.

Романда 7 саны да бірнеше рет қолданыс тапқан сакральды-діни санның бірі. Қасиетті жерге аттанған кейіпкер саны – 7; Шыңғыс хан денесін көмерде арша ағашының *жетінші* бұтағын кесіп алып Шыңғыс ханның әруағын шақырады және Тәңірге тәуба етеді; *Жетіқарақшы* жұлдыз атауы қолданылады. Бұл жұлдыз Шыңғыс хан өлгеннен кейін өзінің денесін көму рәсімін атқаруға нұсқаулық (мысалы, Жетіқарақшы сөнген кезде Шыңғыс ханның мүрдесі көмілуі тиіс) қызметін атқарады. 7 саны Шыңғыс хан әміршінің (немесе моңғол халқының) сеніміне сәйкес, мәңгіліктің, жасаудың, өмір сүрудің символы іспетті мәнде қолданылған.

Қасиетті санның бірі – 40. Шыңғыс хан өлгенде мүрдесін көмуге баратын нөкер саны – 40; Шыңғыс хан мүрдесін жер қойнына тапсырғанда *қырық* нөкердің тізім бойынша *қырқынышы* тұрғаны құрбандыққа шалынады. Жалпы 40 саны Қасиетті діни кітаптарда сакральды сипат береді.

«Жанжаза» романы жайлы жеке тұжырымдарымызды қорыта келгенде айтарымыз, бейкүнә жандарды себепсіз өлтірген, халықты аяусыз қырған, әйел (Шыңғыс хан, Ескендір Зұлқарнайын, Лир) немесе еркек атаулын (Клеопатра) нәпсінің құрбанына айналдырған әлем тарихындағы беделді, танымал әміршілер мен патшалар, патшайымдарға Жаратушының өлімнен тыс жаза – жан жазасын алады. Жан жазасы қанышердің рухы (жаны) бірнеше ұрпағына дейін бірде адамға, бірде жануарға (жыланға) қонып, белгілі кезеңдегі (романға сәйкес, 33 немесе 40 ұрпағы) ұрпағы жазалануы мүмкін. Романдағы тағы бір діни-мистикалық, эзотерикалық түйін, жер бетінде ешбір күш қарсы тұра алмаған әлем әміршілерінің озбырлығын жылан жәндігі ғана уын шашып, өлім құштырған. Аяусыз зәбір көрген жандар

қарғысының магиялық әсерін жүзеге асырған – жылан.

С. Раевтың әлемнің жаратылысы, адамзат арасындағы күнәлардың ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы сынды діни-философиялық ойлары көрініс тапқан шығармасының бірі – «*Топан*» роман-эпосасы. Бұл романда бағзы замандағы әлемді топан су басу архетип-моделі бірінші деңгейдегі мәтін ретінде қолданылған. Діни-мифологиялық дискурста сәйкес, жер бетінде адамзат күнәсі көбейіп кеткен кезде Алла Тағала топан су жіберген еді. Бұл апаттан Нұх (а.с.) пайғамбар мен отбасы және әртүрлі жұп болып жаратылған жануарлар мен жәндіктер ғана тірі қалған. Нұх (а.с.) пайғамбарды сол кезде оны Алла Тағала Өзіне деген шексіз сенімі мен өсиеттерін насихаттағаны үшін аман алып қалған болатын. Осындай архетип моделін С. Раев, атауы білдіріп тұрғандай, «Топан» романында автор өзінің әдеби-эстетикалық, интеллектуалдық-философиялық қиял-күшіне, елестету қабілетінің арқасында мүлде басқаша мән-мазмұнда жүзеге асырады. Осылайша автор өзінің көркем шығармасында жер бетін тағы да топан су қаптаған (әдеби-эстетикалық аспектіде) көрініс беретін көркемдік модельді ХХІ ғасырда реалды өмірден – адамзат өмір сүріп жатқан кеңістіктен тыс жаратады. Яғни, бағзы жылдарда Нұх (а.с.) пайғамбар санаулы адам баласы мен жан-жануар, жәндіктермен жер бетін қаптаған топан судан аман қалған еді. «Идея бойынша, топаннан тірі қалған бұл отбасы – жалпы адамзаттың микромоделі» (Раев, 2019: 21). Жазушы романында топан су басу моделін қайта жаңғырту арқылы топан адам жүрегінен басталады деген ойды жеткізеді. Сонымен қатар, «Топан» романындағы жер бетіндегі соңғы діндар – кейіпкер Кхе Нұх (а.с.) пайғамбар прототипіне негізделіп кескінделгенін байқауға болады. Алайда Нұх (а.с.) пайғамбар кемесінде тірі қалған адамдар мен жәндіктер, жануарлар дәуірлер бойы көбейген еді. Ал Кхенің Құдайға деген махаббаты балаларына берілмейді және Кхе дәуірінде қолдан жасалған адам – Этих пен өз қызы Дунадан туған мүйізді бала арқылы Құдайға қарсы келетіндер ұрпағы көбейеді. Мүйізді бала – шайтан образын білдіреді (Абдусамат, 2014).

Нұх (а.с.) пайғамбардың прототипіне құрылған Кхе есімді кейіпкердің отбасы мен бит жәндігі ғана жер бетін басқан топан судан аман қалады. Биттің тірі қалу себебі – ол Кхе отбасының қанымен қоректенеді. Кхе, оның әйелі

Ман, баласы Этих және қызы Дуна «Нұх жері» деп аталатын аралда, жер бетінде жалғыз қалған отбасы ретінде өмір сүріп жатады. Кхе әлемде дінді ұстанатын және насихаттайтын соңғы діндар ретінде танылады. Яғни соңғы діндар қалған кезде әлемді топан су басқан. Оның әйелі Ман – адамның генетикалық кодын ойлап тауып, жасанды жолмен адам жасайтын генетикалық ғылыми-зерттеу институтының маманы. Кхенің баласы Этих жасанды жолмен жасалған адам екенін жоғарыда айтып өттік. Роман сюжетіне сәйкес, жер бетін су басу себебі – шынайы адамға тән мейірім, махаббат, қайырылымдық сынды қасиеттер тән болмаған жасанды адамдардың көбейіп кетіп, діндарларға қарсы шығуы. Жасанды адамдар діндар Кхені өлтіру үшін ағашқа қағып жатқанда жер бетін топан су басады. Осы тұста автор кезінде Аллаға қарсы келушілер Иса (ғ.с.) пайғамбарды дар ағашына шегелеп өлтіргенін баяндайтын діни түсіндірме қолданады. Жазушының пайымдауынша, қолдан жасалған адамдар әлемге – шынайы адамдарға қауіп төндіреді. Өйткені жасанды адамдарға шынайы адамдарда болатын махаббат, қорқыныш, үрей, ауырсыну, қамқорлық, мейірім, сүйіспеншілік сынды сезімдер тән емес. Жасанды адамдардың әдебиеттегі бейнесін қысқаша салыстырсақ, интернатта арнайы жетілдірілген донор-тәрбиеленушілердің естеліктері әсерлі баяндалған жапон текті жазушы Кадзуо Исигуроның «Жоғалтып алма сен мені» деп аталатын романы ойға оралады (Isiguro, 2005). Онда Исигуроның донорлыққа арнайы дайындалған кейіпкерлеріне шынайы адамға тән сезімдер: ауырсыну, қуану, ренжу, сатқындық жасау, т.б. берілген еді. «Жоғалтып алма сен мені» туындысында арнайы жетілдірілген адамның шынайы адамнан айырмашылығы – донорлық қызметінен кейін өмірімен қоштасады және балалы болуға тыйым салынған.

«Топан» романында гендік инженерия профессоры ретінде кескінделген Ян Вельмут шынайы адамдардың ақыл-ойы қазіргі дәуірге қажетті ғылыми жаңалықтар жасау мен жалпы өнертабыс өндіруге қабілетсіз деген тұжырым жасап, жасанды адам санын арттыруды көздейді. Профессордың бұл тұжырымы эволюция тарихындағы кейбір ғылыми топшылауларға жақын келетіні назар аудартады. Мысалы, ХІХ ғасырда Г. Спенсер әлемде мықты адамдар ғана тірі қалады немесе жасайды деген пікір айтқан болатын (Schultz, Schultz, 2015: 128).



Сонымен қатар автордың айтқысы келген түпкі идеясының бірі – инцесттердің (бір ата-анадан туған ағайындылардың ерлі-зайыпты болуы) көбеюі ақырзаманның белгісін білдіреді. Романда Кхэнің баласы Этих пен қызы Дуна екеуі ерлі-зайыпты болады. Этих өз анасын зорлап, жүкті қылады. Кхэ соңында жасанды жолмен жасалған баласы Этих пен екі мүйізді шайтан кейіптес немересінің қолынан қаза табады. Дұрысы, олар өлтірмекші болғанда теңіз суына батып өлгенді артық санап, Кхэ суға өзін тастайды. Сонымен қатар романда Адам ата мен Хауа ананың Құдай тыйым салған жемісті жегеннен кейінгі күнәсі әртүрлі деңгейде адамзаттың бүгінгі ұрпағына дейін ауысты деген астарлы ой көрініс табады.

Қорыта келгенде, роман арқылы автор жер бетінде адамзат арасында Құдайдан қорықпаған атеистер мен күнәһарлардың, біржынысты некенің көбеюі, суицид жасаушылардың артуы себебінен жер бетіне ауыр апат жіберілуі мүмкін деген идеяны меңзейді. Романында азғындаған адамзатты топан су шайып кетеді. Ілкі аңыздар мен «Қасиетті кітап» мазмұнына сәйкес, Құдай Нұх (а.с.) пайғамбар кезеңінде жер бетін су басқаннан кейін адамзатқа қайта топан су жібермейтінінен белгі берген еді. Бұл романда автор өзінің ерік-қиялы мен әдеби-интеллектуалдық елестету қиялы арқылы Құдайдың сол уәдесіне қарамастан адам баласының Құдай тыйымына қарсы күнәлі істері көбейгендіктен, жер бетіне топан су жіберіп, одан Кхэ отбасы ғана тірі қалады. Автор топан су басу моделін қолдану арқылы топан алдымен адам жүрегінде, санасында басталады деген ойды астарлап жеткізуге ұмтылады.

С. Раевтың «Кашаба» повесін (Раев, 2018) көркемдік сапасы жағынан үздік шығармаларының қатарына жатқызуға болады. Кашаба – бөрі есімі. Бөрі – түркі халықтарының мифологиясы мен мәдениетінде тотемдік ұғым саналады. Халық аңыздарында түркі халықтары шығу тегін бөриден таратады (Akhmetova, 2022); (Narmanci, 2022). Халық танымындағы бөрі архетипі С. Раевтың да жазушылық жадында қайта жаңғырып, өзгеше гуманистік бағытта шығарма жазуына себеп болған. Жазушы «Кашаба» повесінде бөрі ұғымының тотемдік қыры баса назарға алмай, адамдар мен қасқырлардың өзіне тән өмір сүру заңдылығы мен тіршілігін көрсетеді. Қасқырлар да екі аяқты адам секілді, кейде адамнан да артық қайырымды, жанашыр, шынайы махаббат иесі

бола алады. Автор Кашаба есімді бөрінің өмірге келген сәтінен бастап, қартайып, кісі қолынан өлгенге дейінгі адамға жасаған жанашырлық әрекеттерін сипаттайды. Кашаба және оны өмірге әкелген Чоңтаман, Оқжетпес деген қысқарлар, Кашабадан басқа өмірге келген жас бөлтіріктер де қатігездікпен адам қолынан өледі. Кашабаны бөлтірік кезінде жас нәрестесінің ауруына шипа болуы үшін бір адам асырап алады. Кашаба Чоңтаман мен Оқжетпес қасқырлардың жетінші бөлтірігі болатын. Емшілердің айтуынша, нәресте қасқыр бөлтірігімен бір жастықта ұйықтаса, ауруынан айығады екен. Бөлтіріктен бөріге айналған кезде асырап алған отбасы Кашабаны тұз тағысы екенін түсініп, өзінің заңдылығымен өмір сүрсін деген мақсатпен, қасқырлар арасына – кең далаға босатып жібереді. Одан кейінгі өмірінде Кашаба нәресте кезінде өзі ауруынан айықтырған баланы қасқырлардың шабуылынан құтқарып қалады. Кашабаның енесі Оқжетпес те тірі кезінде ауылдағы жас нәрестеге де, махаббат сезімін бастан өткізіп жатқан ер мен әйелге де бетпе бет келгенде шабуылдамай, кері кетіп қалады. Өйткені Оқжетпес деген аналық қасқыр өзінің Чоңтаман деген аталық қасқырға деген махаббат сезімі мен жас бөлтіріктеріне деген аналық махаббаттың не екенін жақсы түсінеді. Алайда қасқырлар адамға келгенде сондай түсіністік танытқанымен, екі аяқты адам баласы қасқырлардың бөлтіріктерін де, Кашабаның жас қаншығын да және қартайған Кашабаның өзін де қатігездікпен өлтіреді. Автор екі жаратылыс тіршілігін параллель суреттеу арқылы адамзаттың жауыздығы ешқашан түгесілмейтінін, тіпті, андардан да асып түсетінін жеткізуге баяндап тырысады. Кашаба кезінде өзі қасқырлардың шабуылынан құтқарып қалған адамның мылтығынан өліп бара жатқанда: «Мен бөрі емес, сен бөрі екенсің, Адам!» деген сөзін айтады. Қасқыр мінезіне қатысты көптеген сипаттамалар айтылады. Соның бірі, оның кекшіл келетіні. Яғни, қасқыр өзіне зиянын тигізген адамнан кек алмай қоймайды. Алайда С. Раевтың «Кашаба» повесінде Кашаба кектенгенімен, жас нәрестеге де, ер мен әйелге де тиіспейді. Қасқырдың кекшілдігін оның тірі жанға деген мейірімі жеңіп кетеді.

Қасқырдың тұз тағысы ретіндегі табиғаты мен өмір сүру тіршілігі әлем әдебиетінде көп жазылған. С. Раевтың бұл туындысын қазақтың біртуар жазушысы М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесімен салыстыруға болады. Бұл туындыда Көксерек – қасқырдың аты.

М. Әуезовтің әңгімесінде Көксерек өзін бөлтірік кезінде асырап алған Құрмашты тістеп өлтіреді. Екі шығармада екі түрлі көркемдік шешім шығарылады. Екі туындының ұқсас тұсын: қасқырлар бостандықты аңсайды және адамдар түз тағыларының табиғи заңдылығын бұзады.

Сұлтан Раев оқырмандарға жазушылығы мен ақындығына қарағанда драматургтік қырымен 1980 жылдардан бастап көбірек танылған. 2019 жылғы «Илегилек» (Раев, 2019) деген атаумен жарық көрген жинағына «Барс Бек», «Ханшаның көз жасы», «Исхак Раззаков», «Тәж (Таажы)», «Маң», «Кашар», «Илегилек», «Суфлер», «О, қыздар!» және «Екеу» сынды драмалық туындылары енгізілген.

Сахна көрермендеріне және қазақ оқырманьына да С. Раевтың алғаш жазған «Күн қармаған бала» (1989) атты пьесасы жақсы таныс. Бұл туынды қазақ сахнасында бірнеше жылдан бері қойылып келеді. «Илегилек» драмалар жинағы «Барс Бек» пьесасымен басталады. Бұл туынды қырғыз сахналарында 2004 жылдан бері қойылып келеді. Ағылшын тіліне (2012) және түрік тіліне (2013) аударылған. 2004 жылы Стамбулда өткен театр фестивалінде басты сыйлықты иеленеді.

С. Раевтың драмаларына әрқырлылық тән. Мемлекеттік тәуелсіздік алған жылдары Орталық Азияның өзге қаламгерлері сынды С. Раев та тарихи тақырыпта «Барс Бек», «Ханшаның көз жасы» («Құрманжан датқа») және «Исхак Раззаков» сынды бірнеше пьеса жазды. Сонымен қатар, «Илегилек», «Маң» және «Суфлер» драмаларында адамзатқа тән биік гуманистік құндылықтарды насихаттайды. Мысалы, «Илегилек» («Тырна») драмасында коляскаға таңылған профессор қарт пен 21 жастағы немересінің арасындағы диалогтар атаның немереге қамқорлығы, махаббаты сынды құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа ауысқанда (атадан немереге) құлдырағанын көрсетеді. Немересі Жанара қарт атасына жеткілікті деңгейде қамқорлық көрсетуден бас тартады. Жанараның ата-анасы ол төрт жасқа толғанда жол апатынан қайтыс болып кетеді. Драманың соңында Жанара қарттың туған немересе емес, балалар үйінен асырап алынғаны белгілі болады. Мұнда автор қырғыз халқының танымына сәйкес, адамдар арасындағы бір-бірін бөтен санау (қарт пен балалар үйінен асырап алынған немере) ұғымының мәнін көрсетуге тырысады. Драманың мазмұнына жапон жазушысы Ясунари Кавабатаның «Мың қанатты тырна» шығармасы

тікелей әсер еткені байқалады. Тырна – адамға бақыт сыйлайтын образға ие.

С. Раевтың «Барс Бек» драмасында 6-8 ғасырлардағы Көк түріктер мен қырғыздар арасындағы тарихи оқиғалар бедерленген. Кейіпкерлері: Барс Бек – қырғыз қағаны, Ер Тунку – Барс Бектің кеңесшісі, Қапаған қаған – түркі қағаны, Тоныкөк Білге – Қапаған қағанның кеңесшісі, Күлтегін – түркі қағанының әскер басы, Лу Чун – Қытай елшісі, Нура бике – Күлтегіннің қарындасы, т.б. Бұл драмасы арқылы С. Раев қырғыз халқының өз отанын, жерін қорғауда өр рухты қаһарман халық болғанын көрсетеді. Ерлігі, күші мықты болғанымен, сол ғасырларда қырғыз арасында бірлік пен ынтымақтың әлсіз болғанын да Азиз атты сатқын кейіпкердің әрекеті арқылы бейнелейді. Қырғыз бен түркі халықтарының арасына және елдіктің мықты болуына сол уақыттарда сатқындық, сенімсіздік, билікке пен табағаштың (қытай) сұлу әйелдеріне деген құмарлық зиянын тигізген еді. Алайда Барс Бек Күлтегін батырдың қарындасы Нура бикеге үйленгенімен, одан балалы бола алмайтынын білген соң тұтқынға түскен қытай ұлықзадасының қызы Шаодан балалы болуды қалайды. Екі қағанаттың бір-біріне қарсы шабуылға шығуына осы себеп болады. Яғни Күлтегін қарындасым Нура бикені Барс Бек басынды деп ойлап, оны өлтірмекші болады. Пьесада, сонымен қатар, Азиздің екі көзін ойып алған қырғыз қағаны Барс Бекті қатігез басшы ретінде суреттейді.

С. Раевтың табысты туындыларының қатарында «Ханшаның көз жасы» («Құрманжан датқа») пьесасы аталады. 2002 жылы жарық көргеннен бері бұл пьеса қырғыз сахналарымен қоса, Алматының жастар театрында (2011) және Лондонның «The Space» (2016) театрында қойылған. Бұл Лондонда қойылған алғашқы қырғыз пьесасы және нұсқасы Ұлыбритания патшайымы II Елизаветаның жеке қорында сақталған. Драматург қазіргі әдебиетке ірі поэтикалық жаңалықтар әкелгені үшін 2002 жылы Ұлыбритания патшайымы II Елизаветаның Букингем сарайында өткен мерейтойына әлемнің әдебиет пен мәдениеттегі бірқатар қайраткерлерімен бірге арнайы шақырылған (Жұмабай, 2019). Осы пьесасы үшін С. Раев Қырғыз Республикасының Тоқтағұл атындағы мемлекеттік сыйлығына ие болған.

«Ханшаның көз жасы» пьесасында 19-ғасырда қырғыз халқының патшайымы болған Құрманжан датқаның (генерал) өміріне қатысты

тарихи көріністер қамтылған. Автор таразының бір жағында қырғыз ұлтының өмірі және екінші жағында Құрманжан әйел-генералдың баласының өмірі қиылуға шақ қалған сәттегі патшайымның әйел-ана ретіндегі психологиялық көңіл күйі мен басшы ретіндегі ұстанымын терең сезініспен бедерлеп көрсетеді. Жау әскеріне қарсы соғысып, халық ішінде бірнеше адамға өлім құштырғанша, оның орнына менің ұлым – бір ғана адам құрбан болсын деп датқа шешім шығарады. Автор пьеса арқылы Құрманжан датқаның ақылға салып, шешім қабылдай білетін парасатты, жеке бастан гөрі халықтың өмірін артық қоятын әділетті басшы ретіндегі тұлғасын ашып көрсетеді.

Біз қарастырған драмалық туындыларында С. Раев ғаламдық мәселелерге қарағанда қырғыз халқының ұлттық құндылықтарына, бірегейлігі мен тарихындағы маңызды оқиғаларға, әсіресе билеушілер мінез-құлқын, қайраткерлік істерін көрсетуге назар аударады. Драмаларында кейбір тарихи тұлғалар образын даралап көрсетуге тырысады.

### Қорытынды

Қазіргі уақытта қырғыз әдебиетінің кеңістігінен шығып, Орталық Азия аймағының жазушысы және драматургі ретінде танылған С. Раев туындылары бүгінгі Қазақстан әдебиеттануында зерттелмегені айқындалды. Зерттеу жұмысында С. Раевтың туындыгерлік тұлғасы және шығармаларындағы басты бағыттар мен поэтикалық тенденциялар психологиялық және мәдени-тарихи, салыстырмалы-тарихи және герменевтикалық әдістер тұрғысынан қарастырылды. Бұл әдістерді қолдану негізінде жазушы белгілі бір қоғамдық немесе ұлттық

аядан шығып, жалпы ғаламдық кеңістегі адамзатқа төнген рухани апаттар мен дағдарыстарға оқырман назарын аударуды көздейтіні айқындалды. Авторлық концепция мен интенцияға сәйкес, жер бетінде Құдайдың жаратушылық ұлылығына қарсылықты көрсететін әрекеттер қатарына ғылым мен технология арқылы қолдан адам жасау және жалған адамдардың шынайы адамға тән сезімдердің болмауы, діни сенімдегі адамдарға көрсетілетін қысым, әртүрлі деңгейдегі күнәлардың көбеюі кіреді. С. Раевтың шығармаларындағы ортақ идея: адамзаттың адамгершілігі бұзылып, күнәлі әрекеттері көбейген сайын ақырзаман апаты соншалықты жақындай түседі. Адам баласы өзін апаттан құтқару үшін әрқашан тазалыққа ұмтылуы қажет.

Зерттеу барысында автор романдарында ғаламдық контекстегі проблемаларды жеткізуге тырысса, драмалық туындыларында қырғыз халқы мен жалпы түркі халықтарына ортақ басшы болған билеушілерге тән қайырымдылық, қайсарлық, табандылық, әділдік, екіжүзділік, қулық мінездерін ашуға тырысқан. Адамзатқа тән аксиологиялық құндылықтардың уақыт өткен сайын құлдырап келе жатқаны және сенім жүйесінің әлсіреуі – С. Раев туындыларында эзотерикалық, діни-мифологиялық, сюрреалистік, постмодернистік әдістер арқылы кең көрініс тапқаны айқындалды.

*Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған (Грант: АР13067896 «Орта Азия әдебиеті: посттаршылдық эстетика және әдеби байланыстар»).*

### Әдебиеттер

- Абдусамат Қ. Шайтан неге «шайтан» атанды? Ол періште ме, әлде жын ба? URL: <https://islam.kz/kk/questions/aqidasenim/shaitan-nege-shaitan-atandy-ol-perishte-me-alde-jyn-ba-58/#gsc.tab=0> (Пайдаланылған күні: 21.02.2023).
- Алымбаева Б.А. Проблема нравственности в рассказе Султана Раева // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. [Электронды ресурсы]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ideyno-stilisticheskie-osobennosti-v-rasskazah-sultana-raeva/viewer> (Пайдаланылған күні: 15.02.2023).
- Алымбаева Б.А. Идейно-стилистические особенности в рассказах Султана Раева // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. [Электронды ресурсы]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ideyno-stilisticheskie-osobennosti-v-rasskazah-sultana-raeva/viewer> (Пайдаланылған күні: 26.02.2023).
- Akhmetova A. Tursinhan Zakenoğlu'nun Mangitas (Bengütaş) Romanındaki “Mangilik El” (Ebedî Ülke) Kavramının Sanatsal Sunumu // Bilig. 2022. – №100. – P. 77-97. DOI : <https://doi.org/10.12995/bilig.10004>
- Ахметова А.М., Қанай Ө., Жүнісбаев А. Орталық Азия әдебиетін постколониализм аспектіінде зерттеудің өзектілігі // ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. 2022. – №4(103). – 58-68 б. DOI: <https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v103.i4.06>

- Байгазиев С. «Күн қармаған бала»: Сұлтан Раевтың гуманистік көркем концепциясы // Кут Билим. [Электронды ресурс]. – URL: <https://kutbilim.kg/news/inner/k-n-karmagan-bala-sultan-raevdin-zhazuuchu-katary-bashtalyshy-ky/> (Пайдаланылған күні: 26.02.2023).
- BBC News Кыргыз қызматы. (2021). Султан Раев: жандын жазасын баарыбыз тартабыз. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=yV8Wa7UAJMs> (Пайдаланылған күні: 20.02.2023).
- Breton A. Manifestoes of Surrealism. Trans. Richard Seaver and Helen R. Lane. Ann Arbor: The University of Michigan Press, 1972. – 304 p.
- Göz K. Sultan Raev'in "Kadin" Adlı Hikâyesi ve Oblomovlaşan Erkek // 2nd International Symposium of Turcology Studies. Publishing Editors: Dmoz. Dr. Murat Öztürk, Dr. Öğretim üyesi Halit Yabalak. – 2020. – P. 220-235
- Dalar T. Sultan Raev'in Timarhane'sinden okunan sovyet ideolojisi. Sosyal Bilimler Dergisi // Akademik Sosyal Araştırmalar Dergisi, Yıl: 6, 2019. – №42. – S. 237-250. Doi: <http://dx.doi.org/10.29228/SOBIDER.37375>.
- Harmancı M. In the Context of Turkish Culture Animal Symbolism in Heterodox Dervishes. // Folklor ve Edebiyat, Uluslararası Kıbrıs Üniversitesi. Volume 28, 2022. – S. 333-346. DOI: 10.22559/folklor.2127.
- Ibrahim W.H. Techniques of surrealism: a study in two novels by Thomas Pynchon, V. and The crying of lot 49 // Journal of the College of Languages, 2007. – №17. – P. 81-102.
- İltaş H.D. Sultan Raev'in Timarhane Adlı Eserinde Alegori. Ege Üniversitesi: Sosyal bilimler Enstitüsü, Yüksek Lisans Tezi, 2022.
- Ishiguro K. Never Let Me Go. United Kingdom. Faber and Faber. 2005. – 288 p.
- Жамгырчиева Г.Т. С. Раевдин “Топон” роман-притчасы тууралуу // Ош мемлекеттік университетінің Хабаршысы. 2019. – №3. – 106-110 б.
- Жамгырчиева Г.Т. Ааламдашуу мезгилиндеги кыргыз адабияты С. Раевдин чыгармачылык ракурсында // Кыргызстан халықаралық университетінің Хабаршысы. – 2022. – №3 (47). – 87-92 б.
- Жұмбабай Н. Сұлтан Раев: Азия әдебиетінің алтын дәуірі келе жатыр. [Электронды ресурс]. – URL: <https://egemen.kz/article/203398-sultan-raev-aziya-adebietininh-altyn-dauiri-kele-dgatyr> (Пайдаланылған күні: 30.01.2023).
- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы. (2020). Мұса мен Харун пайғамбар (а.с.). [Электронды ресурс]. – URL: <http://fatua.kz/kz/post/view?id=616> (Пайдаланылған күні: 26.02.2023).
- Liu Y. Oedipus Complex in Literature Works // Journal of Language Teaching and Research. 2011. – №6. – P. 1420-1424. doi:10.4304/jltr.2.6.1420-1424.
- Раев С. Топырақ // «Таңшолпан» әдеби-көркемдік, көпшілік журналы. – 2022. – №6. – 114-124 б.
- Раев С. Топон. Повесть, роман-притча. Бішкек, Турар, 2018. – 280 б.
- Раев С. Илегилек: драмалар. – Бішкек: Турар, 2019. – 276 б.
- Раев С. Жанжаза: роман. – Астана: Edige инновациялық технологиялық білім беру орталығы, 2019. – 309 б.
- Rayev S. Haftanın Beşinci Günü (Çevirenler: Orhan Söylemez, Halit Aşlar, Kemal Göz) Bengü Yayınları, Ankara. 2011. – 168 s.
- Schultz D., Schultz S. A History of Modern Psychology. Wadsworth Pub Co; 11th edition. 2015. – 425 p.
- Sophocles. (1998). Oedipus the King. Translated by F. Storr. [Электронды ресурс]. – URL: [https://www-tc.pbs.org/empires/thegreeks/educational/pdf/oedipus\\_long.pdf](https://www-tc.pbs.org/empires/thegreeks/educational/pdf/oedipus_long.pdf) (Пайдаланылған күні: 19.02.2023).
- Söylemez O. Hakikati Yeterince Savunmak: Sultan Raev // Turkish Studies, 2011. – №6(3). – P.93-99.
- Yücel E. Sultan Raev'in güneşi tutan çocuk hikayesinde kadin // Türk Dünyası Kadın Araştırmaları. 2022. – №1. – S. 1-13. DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.7472432>.

## References

- Abdusamat K. (2014) Shajtan nege «shajtan» atandy? Ol perishte me, alde zhyyn ba? [Why did Satan become “Satan”? Is he an angel or a demon?]. [Electronic Resource]. – URL: <https://islam.kz/kk/questions/aqida-senim/shaitan-nege-shaitan-atandy-ol-perishte-me-alde-jyn-ba-58/#gsc.tab=0> (Date of use: 21.02.2023). (in Kazakh)
- Alymbaeva B.A. (2016) Problema нравственности v rasskazah Sultana Raeva [The problem of morality in the stories of Sultan Raev]. Aktual'nye problemy gumanitarnykh i estestvennykh nauk. [Current problems in the humanities and natural sciences]. [Electronic Resource]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ideyno-stilisticheskie-osobennosti-v-rasskazah-sultana-raeva/viewer> (Date of use: 15.02.2023). (in Russian)
- Alymbaeva B.A. (2016) Idejno-stilisticheskie osobennosti v rasskazah Sultana Raeva [Ideological and stylistic features in the stories of Sultan Raev]. Aktual'nye problemy gumanitarnykh i estestvennykh nauk. [Current problems in the humanities and natural sciences]. [Electronic Resource]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/idejno-stilisticheskie-osobennosti-v-rasskazah-sultana-raeva/viewer> (Date of use: 26.02.2023). (in Russian)
- Akhmetova A. (2022) Tursynkhan Zakenoglundun Mangitas (Bengutash) Romanyndaki “Mangilik El” (Ebedi Ulke) Kavramynyn Sanatsal Sunumu [Artistic Representation of the Concept “Eternal Nation” in the Novel “Mangitas” by Tursunkhan Zak-enuly]. Bilig. 100, 77-97. DOI : <https://doi.org/10.12995/bilig.10004> (in Turkish)
- Akhmetova A.M., Kanaj O., Zhunisbaev A. (2022) Ortalyk Azija adebietin postkolonializm aspektinde zertteudin ozektiligi [The relevance of the study of Central Asian literature in the aspect of postcolonialism]. KazUU Habarshysy. Shygystanu serijasy. [KazNU Bulletin. The philological series], 4(103), 58-68. DOI: <https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v103.i4.06> (in Kazakh)

- Bajgaziev S. (2020). «Kun karmagan bala»: Sultan Raevtyn gumanistik korkem koncepcijasy [“The boy catching the sun”: the humanistic artistic concept of Sultan Raev]. *Kut Bilim. [Sacred science]. [Electronic Resource]*. – URL: <https://kutbilim.kg/news/inner/k-n-karmagan-bala-sultan-raevdin-zhazuuchu-katary-bashtalyshy-ky/> (Date of use: 26.02.2023). (in Kyrgyz)
- BBC News Kyrgyz kyzmaty. (2021). Sultan Raev: zhandyn zhazasyn baarybyz tartabyz [Sultan Rayev: we will all suffer the punishment of the soul]. [Electronic Resource]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=yV8Wa7UAJMs> (Date of use: 20.02.2023). (in Kyrgyz)
- Breton A. (1972) *Manifestoes of Surrealism*. Trans. Richard Seaver and Helen R. Lane. Ann Arbor: The University of Michigan Press.
- Goz K. (2020) Sultan Raevyn “Kadyñ” Adly Hikajesi ve Oblomovlashan Erkek [The Story of Sultan Raev's “Woman” and the Man who became an Oblomov]. 2nd International Symposium of Turcology Studies. Publishing Editors: Dmoz. Dr. Murat Ozturk, Dr. Halit Yabalak. 220-235. (in Turkish)
- Dalar T. (2019) Sultan Raev’in Timarhane’sinden okunan sovyet ideolojisi [Soviet ideology read from Sultan Raev’s Nuthouse]. *Sosyal Bilimler Dergisi. Akademik Sosyal Araştırmalar Dergisi. [Journal of Social Sciences. Academic Journal of Social Research]*, 6(42), 237-250. Doi: <http://dx.doi.org/10.29228/SOBIDER.37375>. (in Turkish)
- Harmanzhy M. (2022) In the Context of Turkish Culture Animal Symbolism in Heterodox Dervishes. *Folklor ve Edebiyat, Uluslararası Kıbrıs Üniversitesi [Folklore and Literature, Cyprus International University]*, 28, 333-346. DOI: 10.22559/folklor.2127.
- Ibrahim W.H. (2007) Techniques of surrealism: a study in two novels by Thomas Pynchon, V. and The crying of lot 49. *Journal of the College of Languages. Iss. 17. P. 81-102.*
- İltaş H.D. (2022) Sultan Raev’in Timarhane Adlı Eserinde Alegori [Allegory in the work of “Castigation” by Sultan Raev]. *Ege Üniversitesi: Sosyal Bilimler Enstitüsü, Yüksek Lisans Tezi. [Ege University: Social Sciences Institute, Master's Thesis]* (in Turkish)
- Ishiguro K. (2005) *Never Let Me Go*. United Kingdom. Faber and Faber.
- Zhamgyrchieva G.T. (2019) S. Raevdin “Topon” roman-pritchasy tuuraluu [About the novel-parable of “Flood” by S. Raev]. *Osh memlekettik universitetinin Habarshysy. [Bulletin of Osh State University]*, 3, 106-110. (in Kyrgyz)
- Zhamgyrchieva G.T. (2022) Aalamdashuu mezgilindegi kyrgyz adabijaty S. Raevdin chygarmachylyk rakursunda [Kyrgyz literature in the perspective of S. Raev's works in the context of globalization]. *Kyrgyzstan halykaralyk universitetinin Habarshysy. [Bulletin of Kyrgyzstan International University]*, 3(47), 87-92. (in Kyrgyz)
- Zhumabaj N. (2019). Sultan Raev: Azija әдебиетинин altyn dauiri kele zhatyr [Sultan Raev: The golden era of Asian literature is coming]. [Electronic Resource]. – URL: <https://egemen.kz/article/203398-sultan-raev-aziya-adebietininh-altyn-dauiri-kele-dgatytr> (Date of use: 30.01.2023). (in Kazakh)
- Spiritual administration of Muslims of Kazakhstan. (2020). Musa men Harun pajgambar (a.s). [The Prophet Moses and Harun (a.s.)]. [Electronic Resource]. – URL: <http://fatua.kz/kz/post/view?id=616> (Date of use: 26.02.2023). (in Kazakh)
- Liu Y. (2011) Oedipus Complex in Literature Works. *Journal of Language Teaching and Research. 2(6)*, 1420-1424. doi:10.4304/jltr.2.6.1420-1424.
- Raev S. (2022) Topyrak [Land]. *Tansholpan adebi-korkemdik, kopshilik zhurnaly. [Tansholpan literary and artistic public magazine]*, 6, 114-124. (in Kazakh)
- Raev S. (2018) Topon [Flood]. Bishkek, Turar. (in Kyrgyz)
- Raev S. (2019) Ilegilek [Stork]. Bishkek: Turar. (in Kyrgyz)
- Raev S. (2019) Zhanzhaza [Castigation]. Astana: Edige innovacijalyk tehnologijalyk bilim beru ortalygy. (in Kazakh)
- Rayev S. (2011) Haftanyn Beshinzi Gunu [On The Fifth Day Of The Week]. Çevirenler: Orhan Soylemez, Halit Ashlar, Kemal Goz) *Bengu Yayınları, Ankara.* (in Turkish)
- Schultz D., Schultz S. (2015) *A History of Modern Psychology*. Wadsworth Pub Co; 11th edition.
- Sophocles. *Oedipus the King*. (1998). [Electronic Resource]. – URL: [https://www-tc.pbs.org/empires/thegreeks/educational/pdf/oedipus\\_long.pdf](https://www-tc.pbs.org/empires/thegreeks/educational/pdf/oedipus_long.pdf) (Date of use: 19.02.2023)
- Soylemez O. (2011) Hakikati Yeterinzhe Savunmak: Sultan Raev [Defending enough the truth: Sultan Rayev]. *Turkish Studies*, 6(3), 93-99. (in Turkish)
- Yucel E. (2022) Sultan Raevyn guneshi tutan chozhuk hikayesinde kadın [Woman in Sultan Raev’s story of the Boy catching the sun]. *Türk Dünyası Kadın Araştırmaları. [Turkish World Women's Studies]*, 1, 1-13. DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.7472432>. (in Turkish)